

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы  
Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шенберінде жапондық грантты алу  
туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 816 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шенберінде жапондық грантты алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Алексей Владимирович Цойға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шенберінде жапон грантын алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілдегілік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 816 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба  
(Жапон тарапының нотасы)  
Нұр-Сұлтан, 2020 жылғы " "

**[Жоғары мэртебелі/мырза/ханым],**

Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуына жәрдемдесу мақсатында жапон экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Алушы" деп аталады) өкілдерінің арасында таяуда өткізілген талқылауларға сүйене отырып, Жапония Үкіметінің атынан мынаны ұсыну құрметіне ие болып отырмын:

1. Алушының Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасын (бұдан әрі "Бағдарлама" деп аталады) жүзеге асыруына жәрдемдесу мақсатында Жапония Үкіметі

Жапонияның тиісті зандарының, ережелерінің және бюджетінің қаржы бөлу тәртібінің сақталуын ескере отырып, Алушыға төрт жүз миллион жапон иені (400,000,000) мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталады) береді.

1) Грантты және есептелген проценттерді Алушы тиісті түрде және Бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті, екі үкіметтің мүдделі органдарының арасында өзара келісуге жататын тізбеде санамаланған Тауарларды және/немесе Көрсетілетін қызметтерді сатып алу (бұдан әрі тиісінше "Тауарлар" және "Көрсетілген қызметтер" деп аталады), сондай-ақ Тауарлардың тиісті шығаруши елдерде өндірілуі, ал Көрсетілген қызметтерді тиісті шығаруши елдер азаматтарының ұсынуы шартымен Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті алымдарды төлеу үшін ғана пайдаланады.

(2) Жоғарыда (1) тармақшада аталған тізбе екі үкіметтің тиісті органдары арасында келісілгеннен кейін өзгертуге жатады.

(3) Жоғарыда (1) тармақшада аталған занды шығаруши елдердің қамту аясы екі үкіметтің мүдделі органдарының арасында келісілуі тиіс.

3. (1) Алушы осы Келісім күшіне енген күннен кейін он төрт күннің ішінде Жапония банкінде Алушының атына иенмен әдеттегі депозиттік шот (бұдан әрі "Шот" деп аталады) ашады және оны ашқан күннен бастап жеті күн ішінде Жапония Үкіметін Шот ашу рәсімінің аяқталғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

(2) Шоттың бірден-бір мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенімен 4-тармақта аталған төлемді алуы, сондай-ақ Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алу үшін қажетті төлемдерді және екі үкіметтің тиісті органдарының арасында келісілуі мүмкін басқа да төлемдерді жүзеге асыру болып табылады.

4. Жапония Үкіметі Грантты 1-тармақта көрсетілген соманы Шотқа 3-тармақтың (1) тармақшасында аталған жазбаша хабарламаны алған күн мен 2021 жылғы 31 наурыз аралығындағы кезең ішінде жапон иенімен аудару арқылы береді. Бұл мерзім екі үкіметтің тиісті органдарының өзара келісіуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

5. (1) Алушы мынадай қажетті шараларды қолдануы тиіс:

(а) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ Грант берілген күннен бастап он екі ай ішінде, егер осы мерзім екі үкіметтің тиісті органдарының өзара келісіуі бойынша ұзартылмаса, әзір болу мақсатында 2-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген алымдарды төлеуге Гранттың және есептелген проценттердің Шоттан толық төленуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Бағдарлама аяқталғаннан кейін қалған соманы Жапония Үкіметіне өтеу;

(б) Алушының елінде Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алуға байланысты алынуы мүмкін кедендей баждарды, ішкі салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ басқа да салық алымдарын төлеуден босатуды қамтамасыз ету;

(с) Грантты және есептелген проценттерді пайдаланудың экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне тиісті көңіл бөлу;

(d) Грант пен есептелген проценттер Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алу және 2-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген алымдарды төлеу үшін толық пайдаланылғанда, Жапония Үкіметіне немесе Жапония Үкіметінің өтініші бойынша тиісті операцияларға қатысты шарттардың, ваучерлердің және басқа да құжаттардың көшірмелерімен бірге Шот бойынша операциялар туралы Жапония Үкіметі үшін қолайлыш жазбаша нысанда дайындалған есепті дерекүйдеу үсыну;

(e) Тауарлардың және/немесе Көрсетілген қызметтердің сапасын тиісінше қолдауды және оларды Бағдарламаны іске асыру үшін тиімді пайдалануды, сондай-ақ оларды әскери мақсаттарда қолдануға тыйым салуды қамтамасыз ету;

(f) Алушының өзін қоса алғанда, соңғы пайдаланушылардың Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануына кепілдік беру;

(g) Тауарларды Алушының елінде жылдам түсіруді, кедендейтін ресімдеуді және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(h) Алушының елінде Бағдарламаны іске асыруға қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

i) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді жеткізуге байланысты қызметтер көрсетуі талап етілуі мүмкін жапондық жеке тұлғаларға және/немесе үшінші елдердің жеке тұлғаларына Алушының еліне келуге және онда жұмысты орындау үшін болуға қажетті барлық жағдайларды жасау;

(j) Грант және есептелген проценттер есебінен жабылатындарынан басқа, Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті барлық шығыстарды көтеру; сондай-ақ

(k) Бағдарлама аяқталғаннан кейін Жапония Үкіметіне Бағдарлама бойынша қорытынды есеп беру.

(2) Сұрау салу түсінен жағдайда Алушы Жапония Үкіметіне Грант және оның есептелген проценттері туралы қажетті ақпаратты береді.

(3) Тауарларды тиесінде мен деңгелегі сақтандыруға келсек, Алушы көліктік және деңгелде сақтандыру компанияларының арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулерді салудан тартынады.

(4) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді Алушы елден экспорттауға немесе көрі экспорттауға болмайды.

6. Осы Келісімді іске асыру үшін одан арғы рәсімдік нақтылаулар екі үкіметтің мүдделі органдарының арасындағы консультациялар арқылы келісіледі.

7. Екі елдің үкіметтері осы Келісімнен немесе оған байланысты туындауы мүмкін кез келген мәселе бойынша бір-бірімен консультациялар өткізеді.

Бұдан әрі, осы Нота мен жоғарыда көрсетілген Келісімді Алушының атынан растайтын [Жоғары мәртебелі/Сіздің] жауап Нота Жапония Үкіметі осындай Келісімнің күшіне енүі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің аяқталғаны туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінен жазбаша хабарламаны алған күннен бастап

күшіне енетін екі үкімет арасындағы Келісімді білдіреді деп ұсынуды мәртебе санаймын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, [Жоғары мәртебелі/Сізге] [зор/жоғары] ілтиратымды [қайталағым/білдіргім] келеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 816 қаулысымен  
мақұлданған

Жоба  
(Қазақстан тарапының нотасы)

### [Жоғары мәртебелі/мырза/ханым],

[Жоғары мәртебелі/Сіздің] нотаңызды алғанымды растау құрметіне ие болып отырмын, бүгінгі күні онда былай делінген:

(Жапон тарапының нотасы)

### [Жоғары мәртебелі/мырза/ханым],

Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуына жәрдемдесу мақсатында жапон экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Алушы" деп аталады) өкілдерінің арасында таяуда өткізілген талқылауларға сүйене отырып, Жапония Үкіметінің атынан мынаны ұсыну құрметіне ие болып отырмын:

1. Алушының Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасын (бұдан әрі "Бағдарлама" деп аталады) жүзеге асыруына жәрдемдесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның тиісті зандарының, ережелерінің және бюджетінің қаржы бөлу тәртібінің сақталуын ескере отырып, Алушыға төрт жүз миллион жапон иені (\400,000,000) мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталады) береді.

2. (1) Грантты және есептелген проценттерді Алушы тиісті түрде және Бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті, екі үкіметтің мүдделі органдарының арасында өзара келісуге жататын тізбеде санамаланған Тауарларды және/немесе Көрсетілетін қызметтерді сатып алу (бұдан әрі тиісінше "Тауарлар" және "Көрсетілген қызметтер" деп аталады), сондай-ақ Тауарлардың тиісті шығаруши елдерде өндірілуі, ал Көрсетілген қызметтерді тиісті шығаруши елдер азаматтарының ұсынуы шартымен Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті алымдарды төлеу үшін ғана пайдаланады.

(2) Жоғарыда (1) тармақшада аталған тізбе екі үкіметтің тиісті органдары арасында келісілгеннен кейін өзгертуге жатады.

(3) Жоғарыда (1) тармақшада аталған занды шығаруши елдердің қамту аясы екі үкіметтің мүдделі органдарының арасында келісілуі тиіс.

3. (1) Алушы осы Келісім күшіне енген күннен кейін он төрт күннің ішінде Жапония банкінде Алушының атына иенмен әдеттегі депозиттік шот (бұдан әрі "Шот" деп аталады) ашады және оны ашқан күннен бастап жеті күн ішінде Жапония Үкіметін Шот ашу ресімінде аяқталғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

(2) Шоттың бірден-бір мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенімен 4-тармақта аталған төлемді алуы, сондай-ақ Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алу үшін қажетті төлемдерді және екі үкіметтің тиісті органдарының арасында келісілуі мүмкін басқа да төлемдерді жүзеге асыру болып табылады.

4. Жапония Үкіметі Грантты 1-тармақта көрсетілген соманы Шотқа 3-тармақтың (1) тармақшасында аталған жазбаша хабарламаны алған күн мен 2021 жылғы 31 наурыз аралығындағы кезең ішінде жапон иенімен аудару арқылы береді. Бұл мерзім екі үкіметтің тиісті органдарының өзара келісіуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

5. (1) Алушы мынадай қажетті шараларды қолдануы тиіс:

(а) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ Грант берілген күннен бастап он екі ай ішінде, егер осы мерзім екі үкіметтің тиісті органдарының өзара келісіуі бойынша ұзартылmasa, әзір болу мақсатында 2-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген алымдарды төлеуге Гранттың және есептелген проценттердің Шоттан толық төленуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Бағдарлама аяқталғаннан кейін қалған соманы Жапония Үкіметіне өтеу;

(б) Алушының елінде Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алуға байланысты алынуы мүмкін кедендей баждарды, ішкі салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдерді, сондай-ақ басқа да салық алымдарын төлеуден босатуды қамтамасыз ету;

(с) Грантты және есептелген проценттерді пайдаланудың экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне тиісті көзіл бөлу;

(д) Грант пен есептелген проценттер Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді сатып алу және 2-тармақтың (1) тармақшасында көрсетілген алымдарды төлеу үшін толық пайдаланылғанда, Жапония Үкіметіне немесе Жапония Үкіметінің өтініші бойынша тиісті операцияларға қатысты шарттардың, ваучерлердің және басқа да құжаттардың көшірмелерімен бірге Шот бойынша операциялар туралы Жапония Үкіметі үшін қолайлы жазбаша нысанда дайындалған есепті деру ұсыну;

(е) Тауарлардың және/немесе Көрсетілген қызметтердің сапасын тиісінше қолдауды және оларды Бағдарламаны іске асыру үшін тиімді пайдалануды, сондай-ақ оларды әскери мақсаттарда қолдануға тыйым салуды қамтамасыз ету;

(f) Алушының өзін қоса алғанда, соңғы пайдаланушылардың Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануына кепілдік беру;

(g) Тауарларды Алушының елінде жылдам түсіруді, кедендей ресімдеуді және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(h) Алушының елінде Бағдарламаны іске асыруға қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

i) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді жеткізуге байланысты қызметтер көрсетуі талап етілуі мүмкін жапондық жеке тұлғаларға және/немесе үшінші елдердің жеке тұлғаларына Алушының еліне келуге және онда жұмысты орындау үшін болуға қажетті барлық жағдайларды жасау;

(j) Грант және есептелген проценттер есебінен жабылатындарынан басқа, Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті барлық шығыстарды көтеру; сондай-ақ

(k) Бағдарлама аяқталғаннан кейін Жапония Үкіметіне Бағдарлама бойынша қорытынды есеп беру.

(2) Сұрау салу түскен жағдайда Алушы Жапония Үкіметіне Грант және оның есептелген проценттері туралы қажетті ақпаратты береді.

(3) Тауарларды тиесі мен теңіздегі сақтандыруға келсек, Алушы көліктік және теңізде сақтандыру компанияларының арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулерді салудан тартынады.

(4) Тауарларды және/немесе Көрсетілген қызметтерді Алушы елден экспорттауға немесе көрі экспорттауға болмайды.

6. Осы Келісімді іске асыру үшін одан арғы рәсімдік нақтылаулар екі үкіметтің мүдделі органдарының арасындағы консультациялар арқылы келісіледі.

7. Екі елдің үкіметтері осы Келісімнен немесе оған байланысты туындауы мүмкін кез келген мәселе бойынша бір-бірімен консультациялар өткізеді.

Бұдан әрі, жоғарыда көрсетілген келісімді Алушының атынан растайтын осы Нота мен жауап Нотасы [Жоғары мәртебелі/Сіздің] осындай Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдердің аяқталғаны туралы Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметінен жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енетін екі үкімет арасындағы Келісімді білдіреді деп ұсынуды мәртебе санаймын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мен [Жоғары мәртебелі/Сізге] [жоғары/жоғары] өзімнің зор ілтиратымды [қайта жаңарту/білдіру] білдіргім келеді.

Мен де жоғарыда баяндалған Келісімді Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан растау және [Жоғары мәртебелі/сіздің] Нотаңыз берілген осы жауап Нота Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметінен Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің аяқталғаны туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енетін екі үкімет арасындағы Келісім болып табылатынымен келісу құрметіне ие болып отырмын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, [Жоғары мәртебелі/Сізге] өзімнің [зор/жоғары] ілтиратымды [қайталағым/білдіргім] келеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК